

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 шілдедегі ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 шілдеде республикада 12 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Шілде айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

16 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 13 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2 446,5 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 063 743 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны маусым айында 28 686 (0,4%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 33,2 млрд. теңгеге (1,4%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 шілде айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 26,8%, «МЖЗҚ» – 22,9% және «Ұлар Үміт» – 21,0%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 шілде айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 649 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны маусым айында 163 бірлікке (0,4%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 106,9 млн. теңгемен 4 093 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2011 жылғы маусым айында 33,2 млрд. теңгеге (1,4%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 шілде айында 2 452,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың маусым айында 34,9 млрд. теңгеге (1,9%) өсіп, 2011 жылғы 1 шілде айында 1 836,6 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 564,8 млрд. теңге болды. Маусым айында «таза» инвестициялық кіріс 3,3 млрд. теңгеге (0,6%) артты.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.07.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 452,1	193,9	8,6
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 836,6	14,9	0,8
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	564,8	-6,6	-1,2
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	23,0	-	-2,3%- дық тармақ

2011 жылғы 1 шілде айына ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 5 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 821,3 млрд. теңге (33,5%), «МЖЗҚ» – 432,6 млрд. теңге (17,6%), «ҰларҮміт» – 415,5 млрд. теңге (17,0%) «Грантум» - 199,5 (8,1%), «Капитал» - 127,3 (5,2%) немесе жиынтығында осы 5 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 81,4%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы маусым айында 0,1 млрд. теңгеге (0,8%) азайып, 2011 жылғы 1 шілде айында 12,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 203,8 млрд. теңге болды немесе наурыз айында 6,2 млрд. теңгеге төмендеген (3,1%).

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 7,3 млрд. теңгеге 4 912 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 шілде айында 22,0 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару, 1 235,8 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы маусым айында 31,9 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға өсіп, 2 454,1 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 шілдеден бастап 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 36,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	пенсионные активы	
	млн. тенге	в %
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	822 383	33,51
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	433 114	17,65
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ АҚ	415 443	16,93
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	415 443	16,93
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	199 762	8,14
ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	199 762	8,14
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	127 436	5,19
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	89 366	3,64
"Еуразиялық ЖЗҚ" АҚ	75 271	3,07
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	74 959	3,06
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	68 322	2,78
"РЕСПУБЛИКА ЖЗҚ" АҚ	67 167	2,74
"Аманат Қазақстан ЖЗҚ" АҚ	57 209	2,33
"Қазақмыс ЖЗҚ" АҚ	23 665	0,96
Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы	2 454 097	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бір ай ішінде 41,2 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға өсіп, 2011 жылғы 1 шілде айында 2 404,8 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 01 шілдеде инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,8%-ын

құрады, ол 1 101,0 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің маусым айында ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 31,1 млрд.теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 01 шілдеде инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 30,03%-ын құрады, ол 729,2 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің маусым айында азаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 4,8 млрд.теңгені құрайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	2011ж. 1 маусымда		2011ж. 1 шілдеде	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 069 872	45,27	1 101 010	45,79
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	912 485	38,61	916 567	38,12
Ұлттық Банктің ноттары	151 854	6,43	178 805	7,44
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5 533	0,23	5 638	0,23
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	237 782	10,06	233 102	9,69
акциялар	88 994	3,77	88 293	3,67
облигациялар	148 788	6,29	144 809	6,02
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	45 530	1,93	57 011	2,37
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	30 286	1,28	32 682	1,36
Тазартылған алтын	79 250	3,35	79 400	3,30
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	734 002	31,06	729 170	30,32
акциялар	169 423	7,17	163 255	6,79
облигациялар, оның ішінде:	564 579	23,89	565 915	23,53
шетел валютасында номинирленген	20 031	0,85	20 016	0,83
теңгеге номинирленген	544 548	23,04	545 899	22,70
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	166 963	7,06	172 942	7,19
Туынды бағалы қағаздар	-139	-0,01	-557	-0,02
Жиынтығы	2 363 546	100	2 404 760	100

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 шілдеде зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,8%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 20,1 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:


- 5 жылдық кезең ішінде (2006 жылғы маусым – 2011 жылғы маусым) – 35,31% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,59%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 35,02%;
- 3 жылдық кезең ішінде (2008 жылғы маусым – 2011 жылғы маусым) – 12,53% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 24,57%).
- 12 айда ішінде (2010 жылғы маусым – 2011 жылғы маусым) – 4,68% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,4%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 шілдеде 2011 жылғы 1 маусым айындағы көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,26 пайыздық тармаққа өсті;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,47 пайыздық тармаққа өсті;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,7 пайыздық тармаққа өсті.

2010 жылғы қаңтардан 2011 жылғы маусымға дейінгі кезеңде 60 айдағы номиналды кіріс коэффициентінің 47,52 мәнінен 35,31 мәніне дейін төмендеу үрдісі байқалады.

Қорлардың жинақталған зейнетақы активтері мен номинальді кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 83,9 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 46,2 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 55,1%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 87,5 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-маусым айларында 2 қор («АМАНАТ Қазақстан» және «Отан») жалпы сомасы 1,0 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 10 қор жалпы сомасы 8,8 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 шілдедегі 7,8 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 72,3 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 82,6%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 60,3%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 17,7%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 18,8%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 1,3%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.07.11
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 513,5	23 780,9*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,5	10,3
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,5	7,7
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,7	2,4
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері